Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 ақпандағы N 89 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 5 қараша N 1663

Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Екіжақты ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссияның үшінші мәжілісінің хаттамалық шешімін орындау үшін, Өзбекстан Республикасымен сауда-экономикалық қатынасты одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Экономикалық жағдайды тұрақтандыру және отандық тауар өндірушілерді қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 ақпандағы N 89 P990089_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 3, 24-құжат) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қазақстан

тарабының қабылдайтын шаралары туралы Өзбекстан Республикасын белгіленген тәртіппен хабардар етсін.

3. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап бір ай өткен соң күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК